## ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН НОМИНАЛЫ 10000 ТЕҢГЕЛІК МЕРЕЙТОЙЛЫҚ БАНКНОТ







Номиналы: 10000 теңге
Өлшемі: (мм): 149x79



### ① СУТАМҒЫ БЕЛГІ

Жарыққа тосып қарағанда анық көрінетін қарама-қарсы күңгірт және ашық реңнен тұратын, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бейнесі.




### ② ЭЛЕКТРОТИП

Номиналдың бейнесі, жоғары дәрежеде айқын және жарыққа тосып қарағанда көрінеді.



### ③ DEPTH™ ЖӘНЕ DUAL IMAGE™ МЕТАЛЛ ГОЛОГРАФИЯЛЫҚ ЖОЛАҒЫ 18 ММ

Голограммада Астана қаласының көрінісі, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің факсимилесі және күннің стильдендірілген бейнесі бар. Банкнотты айналдырған кезде голограмманың жекелеген элементтерінде түстің едәуір өзгеруі көрінеді.




### ④ ACTIVE™ ҚОРҒАНЫШ ҮЗІК-ҮЗІК ЖІБІ 6 ММ

«ОН» деген сөз және күннің стильдендірілген бейнесі бар қызғылт сары қорғаныш үзік-үзік жіп. Банкнотты айналдырған кезде қорғаныш жібіндегі түстер күңгірттегі ашық түстен ашықтағы күңгірт түске ауысады.



### ⑤ СПАРК

Spark® элементі Қазақстан картасының бейнесі ретінде орналасқан. Банкноттың көлбеу бұрышын өзгерткен кезде ашық жасыл түстен күңгірт жасыл түске ауысады.



### ⑥ ИРИДЕСЦЕНТТІК БЕЙНЕ

Бейне банкноттың бет жағында алтын түстес жылтырағы бар арнайы бояумен басылған. Банкноттың көлбеу бұрышы өзгерген кезде көрінеді.




### ⑦ ИНТАГЛИО БАСЫП ШЫҒАРУ

Жоғары рельефті бояу қабаты бар қорғаныш элемент, саусақтың ұшымен жақсы ажыратылады.




### ⑧ АЛТЫН ИНТАГЛИО

Тығыз жоғары рельефті қабатты алтын түстес металл бояуы бар қорғаныш элемент, түрлі-түсті көшіруден жоғары деңгейде қорғайды.



### ⑨ МИКРОМӘТІН

Микромәтіндер бірнеше есе ұлғайтқан кезде оқуға болатын әр түрлі басу тәсілдерімен орындалған.